

ОЙЫЛ ЖӘРМЕҢКЕСІ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘНШІ

Биыл Ақтөбе облысының құрылғанына 85 жыл, ал Ойыл жәрмеңкесінің ашылғанына 150 жыл толып отыр. Президенттің "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы өлке тарихының бүгінгі күнгі өзекті мәселелерінің көптеген салаларын зерттеуді, насихаттауды міндеттейді. Солардың ішінде қарқынды әрі көлемді зерттеуді қажет ететін тақырыптың бірі - Қазақстандағы жәрмеңкелер тарихы. Әрине XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап жұмыс жасай бастаған жәрмеңкелер Қазақстан, Ақтөбе өңірінің экономикалық мәдени дамуы тарихында маңызды орын алады. Олар сауда-саттық, тұрмыстық, есеп-қисап, еларалық қатынастарды жақсарту ғана емес, көрші елдермен, халықтармен экономикалық, әлеуметтік, мәдени, халықтық өнер, дәстүрлі ойын-сауықты дамытуда байланысты да аса зор рөл атқарды.

XIX ғасырдың ортасына жақын жұмыстарын бастаған жәрмеңкелер тек сауда-саттық ісінде ғана емес, көрші елдермен тұрақты экономикалық байланыс жасауда, халықтық өнер мен мәдениетті дамытуда да аса маңызды орын алды.

Жәрмеңке өнерпаздардың құдіретті өнер иелері атануларына зор мүмкіндіктер жасады. Ұлттық өнерді дамытуда, таратуда қайнаған өнер ордасы болды. Сол ортада әнші Қызыл Тұрдалыұлы да жүрді.

Өнер зерттеуші-жазушы, композитор Лия Жақанов өзінің "Қызыл әнші" деген мақаласында "Атыраудың ескі көне көздері: "Ой, Қызыл әнші дегеніңіз, Жайықтың мына ішкі бетіндегі біздің елдің әншілерін шақ келтірмеген үні зор бір құдірет еді ғой" десіп отырады" деп жазады.

Ән салған бала жастан Қызыл едім, Ән десе, той-думанның қызығы едім, - деп әнді әуелеткен, міне осы құдіретті әнші Қызыл Ақтөбе облысының Темір ауданының Бабатай ауылында дүниеге келген. Соған жақын 10 шақырым жердегі Байсалтаыда жерленген. Мен экспедициямен барғанымда бізді атақты әншінің бейітінің басына ауыл азаматтары, мұғалімдер бастап алып барды. Құмды жолмен жарақты көлік болмаса жүру, жету оңай болмайды. Кезінде Қызылдың ауылы мекендеген жер қырат, сай, қалың шөп, ағаш өскен аймақ екен. Бірақ айналада қорым, бөтен бейіт жоқ, тек Қызылдың ғана бейіті бар. Төрт құлақты, кісі иығына жететін биік, ақ ракушка кірпіштен салынған қарапайым бейіті тұрғызылған, құлаптыс қойылып, оған "Алаштан ән озырған әнші Қызыл Тұрдалыұлы 1860-1921 ж. тас қойған халық. 1999 жыл" деп жазылыпты.

"Қызыл әнші туралы әңгіме-деректерді Амангелді Жоланов айтып берді. Амангелді мектепте мұғалім, Қызылдың жақындары екен. "Әкем Ылай Жоланов Қызыл бабамыздың әндерін білетін, еске түсіріп, ол туралы әңгімелеп отыратын. Қызылдың дарындылығы мен таңқалдырар әншілігін, серілігін, өмір деректерін айтушы еді. Жерлеген жерін көрсетіп, басы қарайтылмай жатырғанын, осы сауапты шаруаны жүзеге асыруды тапсыратын. Соның реті тауелсіздік жылдарына келді. Азаматтар болып, ауыл үлкендері болып, қолдан келген мүмкіндігіміз шамасында осы бейітті салдық" деді.

Қызыл домбыра тартып, ән айтқан. Дауыс екпіні ерекше күшті алыстан естілетін болған. Ән салған Қызылдың дауысын естіген шешесі Тоқанай "Жалғызым келе жатыр" деп дауысын таниды, қуанады екен. Қызыл әнде айтқан өнерпаз-сері, күреске де түскен - палуан, қайратты, ірі денелі, барымтаға барған - батыл, сыйлық та алған - жүздегер, мал мүлкін жұртқа сарқытқа беріп үлестіріп кететін қолы ашық - мырза болған. Руы Ақкетенің Жантайы. Әкесі Тұрдалы сияқты кедей, шешесі Тоқанай сияқты өнерпаз әнші Қызыл өмір тіршілігінің қиындықтарын, күнделікті тұрмыстың таршылықтарын бастап кешкен, әкесі ерте қайтыс болған. Биліктің қыспағына тап болған. "Жылағы ұрладың" деп жауаптауға ұшыраған. Тағдырдың жазмышы үш рет әйел алған - ұрпақ болмаған. Кеңес үкіметінің жаңа орнап, ел іші аласапыран, ақ пен қызылдың айқасы жылдарындағы қиын, аштық - жалаңаштық кезінде алыс бір жасында қайтыс болған.

Атыраудың Қызылқоғасы жапында Амангали деген әнші өткен. Осы Амангали мен Қызылдың өмірі мен тағдыры, бастап кешкендері мен өнерпаздығы өте ұқсас адамдар.

Ақын, әнші, күйші халық көп жерде, жиын тойда, жәрмеңкеде жүреді емес пе, өнер көрсетеді, сыйлық алады, табыс табады. Жәрмеңке, жиын-тойдың сәнін келтіреді, дәреже мәнін көтереді. Сондай-ақ Қызыл әнші-композитор "Көкжар жәрмеңкесінің Көкжал серісі атанған", сайыстарға түсіп, жеңіске жетіп-суырылып алға шығып отырған. Сыйлыққа жібек жапқан ағаш үй, атан, жылқа, сиыр алған. Қызылды Дәукен, Мұқаш деген

Орынбордан ауылға шыққан түні, Әнмен шашу ойладым шашайын деп - әндеткен екен.

Қызыл атақты әнші, қайратты, жігерлі жігіт Қарақамыс (Темір) жәрмеңкесінде де ән салған. Қызыл сынды әнші Қарақамыс жәрмеңкесі сияқты көпшілікті құр жібермесі, қара құрым халық жиналатын оқиғадан тыс қалмасы белгілі. Қарақамыс жәрмеңкесін Әбілқайыр хан ұрпағы атақты күйші Үсен төре басқарған. Күйші Қазанғап Үсен төремен осы Қарақамыс жәрмеңкесінде жолығады. Ауыл қарттары "Қызыл Темірдегі Қарақамыс жәрмеңкесіне барған, ән салған" дейді. Ел аралап, жәрмеңкелерде ән салып, өнер көрсетіп сайыста жүзде алып, Қызыл әншілік өнері арқасында көпшілікке танымал болды. Халық оны "Сары ирек", "Қамшыгер", "Қоғажай", "Жаңғақ", "Ой, Көк" т.б. әндерін сүйіп тыңдаған, керемет дауысын, әншілік шеберлігін жоғары бағалаған, құрмет көрсеткен. Бұл жайды Қызыл:

Жасым бар жер ортада жылым тауық,
Қызылдың жүрген жері күнде сауық.

Бұл Қызыл "Сары ирекке" салған кезде,

Көпшілік аттандырған шапан жауып, - деп әнге қосқан. Әннің құдіретін, өзіне халық құрметін осылай жария еткен. Қызылдың өмірі мен тіршілігінің жұмсағы мен қаттысы, тұщысы мен ащысы, тегісі мен шоқалығы аралас болған. Байдың жандайшаптары Қызылдың әкешесіне, өзіне талай зорлық жасап, қорлық көрсетеді. Жылқы ұрлаған "барымташы" деп айыптайды. Сол қорлықты ұмытпаған Қызылдың бойына кек қалың қаратас болып қатып қалады. Сондықтан Қызыл әлсіздің қорғаны, тым өршіп кетсе кекті қанға суарудан тайынбайтын батыл болған деседі. Сөйтіп, әнші арын кез келгенге қорлатпаған. Қызылдың әке-шешесі күн көріп отырған екі ешкіні байдың сойылын соғушы зорлықшылар сойып жеп қояды да, ешкісін сұраған Тоқанайға "қасқыр жеп қойды" - деп бет бақтырмайды. Сонда ана "неткен ақымақ қасқыр, ауқаттының малын жемей, кедейдің екі жандығын таңдап жейтін" - деп ызадан өкісіп жылайды. Бірде жазықсыздан жазықсыз киліккен байдың жандайшабы дүр қараны Қызыл алысып, алып ұрып, сенде "Ұят-ау" - деп елге қарайтын бет жоқ" деп бетінің терісін пышақпен тіліп жібереді. Сосын пышақты кеңірдегіне тақап, "Қойша бауыздайып ба" - деп кіжінеді, дүр қара жан сауға сұрайды, "Бұдан былай әлсізге тиісесің бе?" - деген Қызылға "жаным сауға, маңдарыңнан жүрмеймін" деп ант етеді. Сонан "Тілік бет" атанады. Сонда Қызылдың анасы Тоқанай "Қарағым ай, кеңің қайтты ма?" - деп кемсеңдейді. (Т.Құлиясов. "Жегі".)

1880 жылы жазда әншіге және оның жолдастары Жұбанам, Тәжес, Үздібай, Көбен тағы басқаларына "Байдың жылқысын ұрлады" деген жала жабылып, ақыры іс насырға жауып, 31 жігіт ұсталады. Жігіттер айдауда келе жатып, "Ұйқы ашайық, Қызыл, ән сал" - дегенде

Ұзынжол ән салғанмен қысқара ма?

Ән сал деп, Тәке мені қысталама?!
Кесірі бұл Қызылдың тимесе егер,
Отыз бір адам елден ұстала ма? - деп суырып салып әндетеді, әрі басқа түскен жайды айтады. Бұл іс Жымпитыда отырған Жанша Досмұхамбет ұлына, Алаш орда ардақтысы, басшысына мәлім болады.

"Кек сақтама, тек сақта, байлық сақтама, өнер сақта" - дегенді есіне алып, ақынның соттайтын елдің ертеңі бұлыңғыр" - деп Жанша Қызылдың астына ат мінгізіп, "барымташы", "қияңқы" деген жаладан жолдастарымен бірге құтқарып жібереді.

Қызылдың өмірінің соңғы жылдары қазақ қоғамындағы ашаршылық кезеңіне тұтас келді. Ел ішіндегі тұрмыс жайы қиын болған жылдар Қызылдың да отбасын айналып өтпей қиыншылығын көрсетеді. Қызыл Қайыңды, Бабатай мен Кенжалым-ай,

Қырылды ішер асқа ел жарымай,
Талай үй құлапты аулы қараң қалды,
Аштықтың түскеннен соң шеңгеліне-ай! - деп ел басына төнген ашаршылық жайын күңірене әнге қосады.

Ал өз басындағы жайды Қазаққа қиын соқты мешін-тауық, Жігітке атқа мінген тоңды қауып, Алашта ән озырған Қызыл ағаң, Үйінен іше алмай жүр көже тауып, Барғаңда бауырыма басым ауып, Келінім тұра берді сиыр сауып, Бірге туған інін көре алмадым, Әйелі кіргізбеді итше қауып, Ер құны - бір аяқ ас" - деген рас, Барады көз бұлдырап, есім ауып, Амаз жоқ "Кет" дегенде ит те кетер, Бара алсам жарар еді үйді тауып, - деп зарлайды.

Өмір тіршілігінің ащысы мен

Жаумады қап-қара бұлт желдет-кесін,

Бабатай құлазиды - ау ел кеткесін.

Қызылдың "Сары ирегін" кімдер салаар,

Аттанып бұл дүниеден мен кеткесін, - деп уайымдаған.

Сөйтіп, Қызылдың әндерін жаттаған, орындаған әнші-адамдар өмірден өтіп, Қызылдың ән мұрасының сақталуы нашар болды, сахнада орындалмай жүр. Бірен-саран әншілер болмаса, Қызылдың әндерін көпшілік білмейді. Қазір Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармонияның бірлі-екілі әншісі Қызылдың әнін орындап жүр. Бірақ кең таралмай тұр. Бұрынғы кезде Қызылдың әндерін Сарманов Қабыл, Жұманов Амангелді, Жолдыбай Айтқұлов, Бимурзин Бисенғали, Рахым Қосымбаев, Атшыбаев Гималай, Бергалиев Аққали деген әншілер орындап, айтқан екен. Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының ардагері, белгілі әнші Құрманғалиев Ғарифолланың шәкірті Хайдар Өтеғалиев гастролмен еларалап, концерт қойып жүргенде, Ойыл ауданының "Қайыңды" совхозында Бисенғали Үссаров деген кісімен кездескенін айтып берді. Совхоздың директорының үйінде қонақта отырғанымда мені мұрты үлкен кісі іздеп келіп, "Ән салатын қай бала" - деп сұрады, "Мен" деп едім. "Біздің үйге қонаққа кел, күтемің" - деп көп отырмай кетіп қалды. Машинаға мінбей, ат арбамен жүреді екен. Ақсақалдың үйіне барып едім, қой сойып қонақ қылды. Таныстық. Бисенғали Үссаров деген 1888 жылы туған кісі екен. Жас кезінде Қызыл әншінің делбешісі, ат айдаушысы болып, қасында көп жүріпті. Бір түн әңгімелестік. Қызылдың бейітін көрсетті. Басы қарайтылмаған екен. "Неге бұлай жатыр" деп - әдеуір наз айттым - дейді Хайдар. Қызыл ат жеккен тарантас арбаға отырып, Ойыл-Жекенді-Жетікөл үстімен жүріп отырып, Мұхиттың ауылы Ақбақай көліне барып айлап жатып, Мұхиттан ән үйреніп, ауылы Бабатайға қайтатын болған.

Қызыл кедейлердің сөзін сөйлеген, өзі де кедей болған. Байларға қарсы сөз айтқан. Сонан байлар әншіні түрмеге жапқан. Бірақ өлең, тілі өткір болған соң "Жағыңа жылан жұмыртқаласын" - деп босатып жіберетін болған. Қызыл түрмеден босағанда

Шығады-ау шапқан аттың шаңы аспанға,

Құдайым, жәрдемші бол адасқанға.

Қолынан қарақшының құтылған соң,

Салайын күйқылжытып Дөңасқанға,

- деп әнді төгетін болған. Маған Бисенғали ақсақал Қызылдың біраз әндерін айтты. Мен Бисенғали ақсақалдан Қызылдың "Бабатай бойында" деген әнін үйреніп алдым. Кейін сахнадан Ойыл, Қаратөбе жағына барғанда жиі орындап жүрдім. Біршама ұзақ ән еді. Бұл әнді және Қызыл туралы әңгімемді 1975 жылы қазақ радиосының алтын қорына жаздырдым, грампластинкаға түсірдім. Пластинканы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырдым, сонда сақтаулы дейді" - ардагер әнші Хайдар.

Тұрғанбай деген қарт "Қайыңды" совхозының тұрғыны Қызылдың ер, әйел ақындармен айттысқа түскенін айтқан. Хайдар Қызылдың "Ой, көк" деген әнін айттым және оны Ақтөбе музыка училищесінде сабақ беріп жүргенімде оқушым Ырысты Сүлейменовқа үйреттім. Ол қазір Алматы, Астанада ән салып, дәстүрлі өнерді насихаттап, елге белгілі шебер әнші-термеші болды.

Қазір Қызылдың әндерін үйретушілер жоқ, сондықтан да айтылмайды. Себебі, білмейді - дейді.

Темір ауданына экспедициямен барғанымда, ел ішінде көнекөз қариялардың есінде Қызылдың әндерінің жұқанақтары үзік-үзік сақталған екен. Мысалы, Таңбай Докин ақсақал, Қайыңдының байырғы тұрғыны, мұғалім, зейнеткер Қызылдың мына бір шумақ өлеңін есіне түсірді:

Белгілі Жұбаналы батырмысың,
Есқара сен де келе жатырмысың,
Ән салып Құмақ жалға шыға келсем,
Келбатыр аяқ асты жатырмысың.

Мүмкін осылай еске түсіргендерден там - тұмдап, жиналар, өңделер. Іздеу, табу керек. Бұл өңдер жай емес, онда тарих, оқиға, адам, жер-су аттары айтылады. Сондықтан олар құнды, себебі сыр шертеді. Мысалы, осы шумақтағы аталған адам аттары Қызылдың замандастары, қасында жүрген жақын адамдар болғаны ғой. Ал, Келбатыр деген жердің аты екен. Батырлар келетін, жолығатын жер болған. Жоңғар-қалмақтармен соғыс жылдары қазақ батырлары бас қосатын, жиналатын, күш біріктіріп, ақылдасып, кеңесіп, шешім қабылдайтын жер екен. Сонан "Келбатыр" деген атау алған екен.

Сөйтіп, Қызыл шығармаларын іздеу, табу қажет. Рухани жаңғыру бағдарламасымен жұмыс жасау керек. Әзірге Лия Жақанов "Қызыл әнші" деген, Әбдіқани Аймағамбетов "Алаштан ән озырған ақын Қызыл" деген мақалалар жазып, жария етті.

Журналист Ә.Аймағамбетовке Тәжі

Жармеңке өнерпаздардың құдіретті өнер иелері атануларына зор мүмкіндіктер жасады. Ұлттық өнерді дамытуда, таратуда қайнаған өнер ордасы болды. Сол ортада өнші Қызыл Тұрдалыұлы да жүрді.

Өнер зерттеуші-жазушы, композитор Ілия Жақанов өзінің "Қызыл өнші деген мақаласында "Атыраудың ескі көне көздері: "Ой, Қызыл өнші дегеніңіз, Жайықтың мына ішкі бетіндегі біздің елдің өншілерін шақ келтірмеген үні зор бір құдірет еді ғой" десіп отырады" деп жазады.

Ән салған бала жастан Қызыл әдім, Ән десе, той-думанның қызығы едім, - деп әнді әуелеткен, міне осы құдіретті өнші Қызыл Ақтөбе облысының Темір ауданының Бабатай ауылында дүниеге келген. Соған жақын 10 шақырым жердегі Байсалталыда жерленген. Мен экспедициямен барғанымда бізді атақты өншінің бейітінің басына ауыл азаматтары, мұғалімдер бастап алып барды. Құмды жолмен жарақты көлік болмаса жүру, жету оңай боламыз. Кезінде Қызылдың ауылы мекендеген жер қырат, сай, қалың шөп, ағаш өскен аймақ екен. Бірақ айналада қорым, бөтен бейіт жоқ, тек Қызылдың ғана бейіті бар. Төрт құлақты, кісі иығына жететін биік, ақ ракушка кірпіштен салынған қарапайым бейіті тұрғызылған, құлаптыс қойылып, оған "Алаштан ән оздырған өнші Қызыл Тұрдалыұлы 1860-1921 ж. тас қойған халық, 1999 жыл" деп жазылыпты.

"Қызыл өнші туралы әңгімелер деректерді Амангелді Жоланов айтып берді. Амангелді мектепте мұғалім, Қызылдың жақындары екен. "Әкем Ылай Жоланов Қызыл бабамыздың өндерін білетін, еске түсіріп, ол туралы әңгімелеп отыратын. Қызылдың дарынамын мен таңқалдырар өншілігін, серілігін, өмір деректерін айтушы еді. Жерлеген жерін көрсетіп, басы қарайтылмай жатырғанын, осы сауапты шаруаны жүзеге асыруды тапсыратын. Соның реті тәуелсіздік жылдарына келді. Азаматтар болып, ауыл үлкендері болып, қолдан келген мүмкіндігіміз шамасында осы бейітті салдық" деді.

Қызыл домбыра тартып, ән айтқан. Дауыс екпіні ерекше күшті алыстан естілетін болған. Ән салған Қызылдың дауысын естіген шешесі Тоқанай "Жалғызым келе жатыр" деп дауысын таниды, қуанады екен. Қызыл әнде айтқан өнерпаз-сері, күреске де түскен - палуан, қайратты, ірі денелі, барымтаға барған - батыл, сыйлық та алған - жүлдегер, мал мүлікін жұртқа сарқытқа беріп үлестіріп кететін қолы ашық - мырза болған. Руы Ақкетенің Жантайы. Әкесі Тұрдалы сияқты кедей, шешесі Тоқанай сияқты өнерпаз өнші Қызыл өмір тіршілігінің қиындықтарын, күнделікті тұрмыстың таршылықтарын бастан кешкен, әкесі ерте қайтыс болған. Биіктің қыспағына тап болған. "Жылқы ұрлады" деп жауаптауға ұшыраған. Тағдырдың жазмышы үш рет әйел алған - ұрпақ болмаған. Кеңес үкіметінің жаңа орнап, ел іші аласапыран, ақ пен қызылдың айқасы жылдарындағы қиын, аштық - жалаңаштық кезінде алыс бір жасында қайтыс болған.

Атыраудың Қызылқоғасы жағында Амангали деген өнші өткен. Осы Амангали мен Қызылдың өмірі мен тағдыры, бастан кешкендері мен өнерпаздығы өте ұқсас адамдар.

Ақын, өнші, күйші халық көп жерде, жиын тойда, жәрмеңкеде жүреді емес пе, өнер көрсетеді, сыйлық алады, табыс табады. Жәрмеңке, жиын-тойдың сәнін келтіреді, дәреже мәнін көтереді. Сондай-ақ Қызыл өнші-композитор "Көкжар жәрмеңкесінің Көкжал серісі атанған", сайымстарға түсіп, жеңіске жетіп, суырылып алға шығып отырған. Сыйлыққа жібек жапқан ағаш үй, атан, жылақ, сиыр алған. Қызылды Дәукен, Мұқаш деген аталас байлар жәрмеңкеде қастарына алып жүреді екен. Қызыл осындай жәрмеңкелерде талай атақтылармен, мықтылармен, өнерпаз-палуандармен, бай-саудагерлермен кездескен. Сол кездесулердің бірі - оның композитор-өнші атақты Мұхитпен кездесуі. Мұхит - батыс ән әуендерінің көш басшысы. Ол кезде, қазір артистердің гастрольге шыққаны сияқты, ақын, өншілер де ел аралап ауылдан-ауылға, тойдан-тойға өте берген ғой. Солай, Қызыл да, көрші Атырау өңірін, Орынбор аймағын, Ақтөбеге шектес елдерді аралап, өнімен жұртты сусындатып, алашта ән оздырған.

Ол кезеңдерде Орынборда Жайықтың бергі бетінде "Меновой двор" атты үлкен жәрмеңке өтетін болған. Арғы беттен орыстар темірден жасалған тұрмыстық, ұсталық құрал-саймандарды, мануфактура заттарын әкеліп, мына беттен қазақтар мал, мал өнімдерін, аң терілерін апарған, сауда-саттықпен айырбас сауда жүргізді. Қазақтар "меновой дворды" мінәнай деп атаған. Осы атақты жәрмеңкеде Төңірберлі Молдабай мен Әкімжан ән салып, жәрмеңкенің сәнін де мәнін келтірген және "Орынбордың қос босағасы" атанған. Осы Орынбордың "Меновой двор" жәрмеңкесіне өнші Қызыл да барған, қызығын көрген. Сөйтіп, олар таныс болған, кездескен, бір бірінен өнер үлгілерін үйренген, жетілген. Осы жайды Қызыл:

Жатыр екен ұлы Ойыл тасайын деп, Кемерінен қызыл су асайын деп.

Жасым бар жер ортада жылым тауық, Қызылдың жүргендері күнде сауық.

Бұл Қызыл "Сары ирекке" салған кезде,

Көпшілік аттандырған шапан жауып, - деп әнге қосқан. Әннің құдіретін, өзіне халық құрметін осылай жария еткен. Қызылдың өмірі мен тіршілігінің жұмсағы мен қаттысы, тұщысы мен ащысы, тегісі мен шоқалығы аралас болған. Байдың жандайшаптары Қызылдың әкешесіне, өзіне талай зорлық жасап, қорлық көрсетеді. Жылқы ұрлаған "барымташы" деп айыптайды. Сол қорлықты ұмытпаған Қызылдың бойына кек қалың қаратас болып қатып қалады. Сондықтан Қызыл әлсіздің қорғаны, тым өршіп кетсе кекті қанға суарудан тайынбайтын батыл болған деседі. Сөйтіп, өнші арын кез келгенге қорлатпаған. Қызылдың әке-шешесі күн көріп отырған екі ешкіні байдың сойылын соғушы зорлықшылар сойып жеп қояды да, ешкісін суыраған Тоқанайға "қасқыр жеп қойды" - деп бет бақырмайды. Сонда ана "неткен ақымақ қасқыр, ауқаттының малын жемей, кедейдің екі жандығын таңдап жейтін" - деп ызадан өксіп жылайды. Бірде жазықсыздан жазықсыз киліккен байдың жандайшабы дүр қараны Қызыл алысып, алып ұрып, сенде "Ұят-ау" - деп елге қарайтын бет жоқ" деп бетінің терісін пышақпен тіліп жібереді. Сосын пышақты кеңірдегіне тақап, "Қойша бауыздайын ба" - деп кіжінеді. Дүр қара жан сауға сұрайды, "Бұдан былай әлсізге тиісесің бе?" - деген Қызылға "жаным сауға, маңдарыңнан жүрмеймін" деп ант етеді. Сонан "Тілік бет" атанады. Сонда Қызылдың анасы Тоқанай "Қарағым ай, кегің қайтты ма?" - деп кемсендейді. (Т.Құлиясов, "Жері".)

1880 жылы жазда өншіге және өнші жолдастары Жұбаналы, Тәжеп, Үздібай, Көбен тағы басқаларына "Байдың жылқысын ұрлады" деген жала жабылып, ақыры іс насырға жауып, 31 жігіт ұсталады. Жігіттер айдауда өле жатып, "Ұйқы ашайық, Қызыл, ән сал" - дегенде

Ұзынжол ән салғанмен қысқара ма?

Ән сал деп, Тәке мені қысталама?! Кесірі бұл Қызылдың тимесе егер,

Отыз бір адам елден ұстала ма? - деп суырып салып әндетеді, әрі басқа түскен жайды айтады. Бұл іс Жымпитыда отырған Жанша Досмұхамбет ұлына, Алаш орда ардақтысы, басшысына мәлім болады.

"Кек сақтама, тек сақта, байлық сақтама, өнер сақта" - дегенді есіне алып, ақынын соттайтын елдің ертеңі бұлыңғыр" - деп Жанша Қызылдың астына ат мінгізіп, "барымташы", "қиянқы" деген жаладан жолдастарымен бірге құтқарып жібереді.

Қызылдың өмірінің соңғы жылдары қазақ қоғамындағы ашаршылық кезеңіне тұстас келді. Ел ішіндегі тұрмыс жайы қиын болған жылдар Қызылдың да отбасын айналып өтпей қиыншылығын көрсетеді. Қызыл Қайынды, Бабатай мен Кеңжалым-ай,

Қырылды ішер асқа ел жарымай. Талай үй құлапты аулы қараң қалды. Аштықтың түскеннен соң шеңгеліне-ай! - деп ел басына төнген ашаршылық жайын күңірене әнге қосады.

Ал өз басындағы жайды Қазаққа қиын соқты мешін-тауық, Жігітке атқа мінген төңді қауіп. Алашта ән оздырған Қызыл ағаң, Үйінен іше алмай жүр көже тауып. Барғанда бауырыма басым ауып, Келінім тұра берді сиыр сауып. Бірге туған інім көре алмадым, Әйелі кіргізбеді итше қауып. "Ер құны - бір аяқ ас" - деген рас. Барады көз бұлдырап, есім ауып. Амаз жоқ "Кет" дегенде ит те кетер. Бара алсам жарар еді үйді тауып, - деп зарлайды.

Өмір тіршілігінің ащысы мен тұщысын қатар көрген Қызылдың шығармашылығы мен өншілігі жылдар өте өрістеп, биіктей берген. Ол Қызылдың "Сары ирек" деген өнімен көрінеді. "Сары ирек" өншінің шығармашылығының шыңы. Өншінің аты Қызыл болса да, өзі сары екен. Ал өмір жолының бұралаңы көп, иректері мол болған. Сонан ән осылай аталып, ерекше әдемі сөз тіркесі түсінік, ән аты шыққан. "Сары ирек" Қызылдың сүйікті әні. Ұзын жолға шыққан сапарында Қызыл қасындағы жігіттерге жаңа бір ән айтты. "Бұл өннің аты қандай? - дегендерге: "О, халайық, менің түсім сары ғой және жолым да ирек-ирек. Ән де салдым, күреске де түстім. Сондықтан, бұл өннің аты "Сары ирек" болсын" деп жауап берген екен. "Сары ирек" өнін айтқан Қызыл Ойыл жәрмеңкесіндегі думанда "Ду көтеруде" бөтендер қатарынан суырылып алға шығып өзіне бір үйір жылқы сыйлық алады. "Ду көтеру" деген жәрмеңке ашылғандағы өнер сайысы, жәрмеңкені дуылдатып, думандату, қатысқан белгілі адамдарды мадақтау, халықты жинап, жәрмеңкеге келушілерді көбейту, олардың көңілін көтеру, бүгінгіше айтқанда жарнама жасау.

Қызыл дауысы күшті, ерен өнші, өзі диапазоны кең үндерді шығарып айтқан. Сондықтан оның өндерін кез-келген өнші жеткізе орындап, айта алмаған. Қызылдың "Сары ирегін" қазір айтып жүрген өнші жоқ. Өншінің өзі кезінде,

Көңдері қолан жүрігенде, Ойыл ауданының "Қайыңды" совхозында Бисенғали Үссаров деген кісімен кездескенін айтып берді. Совхоздың директорының үйінде қонақта отырғанымда мені мұрты үлкен кісі іздеп келіп, "Ән салатын қай бала" - деп сұрады. "Мен" деп едім. "Біздің үйге қонаққа кел, күтемін" - деп көп отырмай кетіп қалды. Машинаға мінбей, ат арбамен жүреді екен. Ақсақалдың үйіне барып едім, қой сойып қонақ қылды. Таныстық. Бисенғали Үссаров деген 1888 жылы туған кісі екен. Жас кезінде Қызыл өншінің делбешісі, ат айдаушысы болып, қасында көп жүріпті. Бір түн әңгімелестік. Қызылдың бейітін көрсетті. Басы қарайтылмаған екен. "Неге бұлай жатыр" деп - әдеуір наз айттым - дейді Хайдар. Қызыл ат жеккен тарантас арбаға отырып, Ойыл-Жекеңді-Жетікөл үстімен жүріп отырып, Мұхиттың ауылы Ақбақы көліне барып айлап жатып, Мұхиттан ән үйреніп, ауылы Бабатайға қайтатын болған.

Қызыл кедейлердің сөзін сөйлеген, өзі де кедей болған. Байларға қарсы сөз айтқан. Сонан байлар өншіні түрмеге жапқан. Бірақ өлең, тілі өткір болған соң "Жағыңа жылан жұмыртқаласын" - деп босатып жіберетін болған. Қызыл түрмеден босағанда

Шығады-ау шапқан аттың шаңы аспанға,

Құдайым, жәрдемші бол адасқанға.

Қолынан қарақшының құтылған соң, Салайын күйкылжытып Донасқанға, - деп әнді төгетін болған. Маған Бисенғали ақсақал Қызылдың біраз өндерін айтты. Мен Бисенғали ақсақалдан Қызылдың "Бабатай бойында" деген өнін үйреніп алдым. Кейін сахнадан Ойыл, Қаратөбе жағына барғанда жиі орындап жүрдім. Біршама ұзақ ән еді. Бұл әнді және Қызыл туралы әңгімемді 1975 жылы қазақ радиосының алтын қорына жаздырдым, грампластинкаға түсірдім. Пластинканы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырдым, сонда сақтаулы дейді" - ардагер өнші Хайдар.

Тұрғанбай деген қарт "Қайыңды" совхозының тұрғыны Қызылдың ер, әйел ақындармен айтысқа түскенін айтқан. Хайдар Қызылдың "Ой, көк" деген өнін айттым және оны Ақтөбе музыка училищесінде сабақ беріп жүргенімде оқушым Ырысты Сүлейменоваға үйреттім. Ол қазір Алматы, Астанада ән салып, дәстүрлі өнерді насихаттап, елге белгілі шебер өнші-термеші болды.

Қазір Қызылдың өндерін үйретушілер жоқ, сондықтан да айтылмайды. Себебі, білмейді - дейді.

Темір ауданына экспедициямен барғанымда, ел ішінде көнекөз қариялардың есінде Қызылдың өндерінің жұқанақтары үзік-үзік сақталған екен. Мысалы, Таңбай Докин ақсақал, Қайыңдының байырғы тұрғыны, мұғалім, зейнеткер Қызылдың мына бір шумақ өлеңін есіне түсірді:

Белгілі Жұбаналы батырмысың, Есқара сен де келе жатырмысың, Ән салып Құмақ жалға шыға келсем, Келбатыр аяқ асты жатырмысың.

Мүмкін осылай еске түсіргендерден там - тұмдап, жиналар, өңделер. Іздеу, табу керек. Бұл өндер жай емес, онда тарих, оқиға, адам, жер-су аттары айтылады. Сондықтан олар құнды, себебі сыр шертеді. Мысалы, осы шумақтағы аталған адам аттары Қызылдың замандастары, қасында жүрген жақын адамдар болғаны ғой. Ал, Келбатыр деген жердің аты екен. Батырлар келетін, жолығатын жер болған. Жоңғар-қалмақтармен соғыс жылдары қазақ батырлары бас қосатын, жиналатын, күш біріктіріп, ақылдасып, кеңесіп, шешім қабылдайтын жер екен. Сонан "Келбатыр" деген атау алған екен.

Сөйтіп, Қызыл шығармаларын іздеу, табу қажет. Рухани жаңғыру бағдарламасымен жұмыс жасау керек. Әзірге Ілия Жақанов "Қызыл өнші" деген, Әбдіқани Аймағамбетов "Алаштан ән оздырған ақын Қызыл" деген мақалалар жазып, жария етті.

Журналист Ә.Аймағамбетовке Тәжі Мұқанов ақсақал "Қызыл ақ сақалды ақ басты ірі кісі. Бас құйқасын жиырып, төбетейін ілгері - кейінді жылжытып, жұртты күлдіретін, ән салғанда тамағының тамыры білеудей болып шығып кететін" деп естелік айтыпты.

1917 жылы қазанда Қызылдың шешесі дүниеден өтіпті. Қызылдың әкесі Тұрдалы кедей, құлағы тосаңдау, қақ-соқпен шаруасы жоқ, момын адам болыпты. Қызылдың атасы Қаратау деген адам би, ауқатты болған екен. Сырым би Қаратау биге "Отырғанда екі етеңіңді жайып жібермей, екі тізеңнің астына жымқырып отырады екенсің, күт қара басыңда ғана қалады екен, кейін тұқымыңа бақ қонбайды екен" - депті. Сырымның сол айтқан сөзі айнытпай келген ғой - деп Тәжі ақсақал да Қызылдың кедей болғанын дәлелдей түседі.

Ақсандық ашылмайды желімдеген, Белгісіз кәріліктің "белім" деген. Барыңда оралыңның ойна да құл, Артыңнан қуып жетер "өлім" деген - деп қып-қызыл қызық, дәурен сүрген Қызыл өнші де дүниеден қимастықпен, қиындықпен өтеді.

Тәуелсіздік жылдарында Ойыл жәрмеңкесіндегі сауда, өнер сайысы жалғасын табуда. Жәрмеңке тарихы, тіршілігі жаңғырып, бүгінгі ұрпаққа қызмет етуде.

Еркін ҚҰРМАНБЕК,
Қазақстан Республикасы
мәдениет қайраткері.
Ақтөбе қаласы.